

ISSN 2310-3353



«А. БАЙТҰРСЫНОВ
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 3

2022



150
жы
Ахмет
БАЙТҰРСЫНОВ

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

№ 3 2022

Участники конференции желают всем странам мира, стабильности и сохранения живой природы Планеты.

Материал поступил в редакцию: 01.07.2022

БРАГИНА, Т.М., РУЛЁВА, М.М.

БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ ҒЫЛЫМИ ҚОҒАМДЫҚ НӨЗІНДЕ. «АЗИЯ ДАЛАЛАРЫНЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРТҮРЛІЛІГІ» IV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Бұл мақалада 2022 жылдың 14 сәуірінде Қостанай өңірлік университетінің Ө.Сұлтангазин атындағы педагогикалық институтының базасында өткен «Азия далаларының биологиялық әртүрлілігі» IV халықаралық ғылыми конференция жұмысының негізгі бағыттары мен нәтижелері туралы ақпарат берілген А. Байтұрсынов атындағы.

Кілт сөздер: биоәртүрлілік, дала, орман экожүйесі, сулы-батпақты жерлер, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сирек кездесетін түрлер, конференция.

BRAGINA, T.M., RULYOVA, M.M.

CONSERVATION OF BIOLOGICAL DIVERSITY IN THE FOCUS OF THE SCIENTIFIC COMMUNITY. IV INTERNATIONAL SCIENTIFIC CONFERENCE «BIOLOGICAL DIVERSITY OF THE ASIAN STEPPES»

This article provides information on the main directions and results of the work of the IV International Scientific Conference "Biological Diversity of the Asian Steppes", held on April 14, 2022 on the basis of the Pedagogical Institute named after U Sultangazin of Kostanay Regional University named after A. Baitursynov.

Key words: biodiversity, steppes, forest ecosystems, wetlands, protected natural areas, rare species, conference.

ӘОЖ 82.282

Бекбосынова, А.Х.

*филология ғылымдарының кандидаты,
тіл және әдебиет теориясы кафедрасының
қауымдастырылған профессоры*

Туребаева, А.О.

*«6B01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын
мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»
оқу бағдарламасының 4 курс студенті,
Ө. Сұлтангазин атындағы
педагогикалық институты,
А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
Қостанай, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҰЙҒЫР, АРАБ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін

Мақалада қазақ мақал-мәтелдеріне өзге тілдердегі мақал-мәтелдермен салыстырмалы теориялық тұрғыда талдау жасалған. Берілген мақала қазақ, ұйғыр, араб мақал-мәтелдерінің ұлттық-мәдени сипаты, қолданыс ерекшелігін зерттеуге арналған.

Кілт сөздер: мақал-мәтел, ұлттық менталитет, бір тағанды мақал-мәтелдер, қос тағанды мақал-мәтелдер, интернационалды мақал-мәтелдер.

1 Кіріспе

Тіл халықтың әлеуметтік, қоғамдық өмірімен, саяси және экономикалық жағдайымен тығыз байланыста дамып, жетілуде. Сондықтан, қоғам өмірінің даму қарқыны әртүрлі тарихи дәуірлерде әртүрлі деңгейлерде көрінетіндіктен, әдеби тілдің даму ауқымы кеңейіп, тарылуда. Бірақ не өзгерсе де, тіл қалай дамыса да, ол адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде өз қызметін жалғастырады. Тілдің мәдениетін, байлығын, көркемдігі мен образын арттыратын лексикалық категория – мақал-мәтелдер. Басқаша айтқанда, тілдің лексикалық құрамының ажырамас бөлігі болып табылатын мақал-мәтелдер тек ұлт тілінің ғана емес, ұлт мәдениетінің де көрсеткіші [1,2].

Қазақ және ұйғыр тілдеріндегі мақал-мәтелдер саны жағынан ғана емес, сапасы мен мазмұны жағынан да алуан түрлі. Мұның басты себебі – тілдегі ұлттық менталитеттің ерекше және маңызды көрінісі болып табылатын мақал-мәтелдер қазақ және ұйғыр этностарына тән дүниетаным мен тарихи сананың көрнекі дәлелі, халық даналығы мен философиялық ой-пікірлердің, эстетикалық білім мен оқытудың, өркениеттің, мәдениеттің қайнар көзі болып табылады [2,3]. Қазақ және ұйғыр тілдеріндегі ұқсас және кең таралған мақал-мәтелдерді салыстырудың мақсаты осы тілдердің туыстығын ғана емес, сондай-ақ мүмкіндігінше осы тілдерде сөйлейтін Орталық Азияның ежелгі халықтарының бірі болып табылатын ұйғырлар мен қазақтардың рухани, мәдени және тарихи жақындығын анықтау болып табылады.

Кез келген этнолингвистикалық және этномәдени тұрғыдан зерттеу белгілі бір халыққа тән ерекшеліктерді жан-жақты қарастырады. Әр халықтың өзіндік ерекше тарихы, қоршаған ортасы, әлем туралы білімі мен сенімдері, әдет-ғұрпы мен санасы сол халықтың тілдік бірліктерінде, соның ішінде мақал-мәтелдерде өз іздерін қалдырады. Мәселен, қазақ тіліндегі:

1. Асық ойнаған азар,

Доп ойнаған тозар,

Бәрінен де қой бағып

... жеген озар.

2. Барымталап алған мал емес,

Қуып алған – құн емес деген мақалдарды алайық.

Алғашқы мақалды қарастыратын болсақ, қазақ халқы ежелден мал шаруашылығымен айналысқандықтан, ұрпақтарының асық ойнап, доп теуіп өткізгенін қаламайды. Керісінше, пайдалы іспен шұғылданып, өз тамағын тауып жегенді мақұл көреді. Осылайша, барлық жас ұрпаққа уақытты тиімді де пайдалы іспен өткізу керектің уағыздайды. Екінші мақал, қазақ даласына кеңінен таралған «барымташылықтан» белгілі. Алайда, бұл әрекет дұрыс емес, кепілге алынған мал иесіне мал болып жарымас, біреудің көз жасымен алынған құн да құн болып саналмайтынын туралап түсіндіріп тұр. Осы мақал арқылы қазақ халқының даласында бұрыннан қалыптасқан «барымтадан», «құндылық дауынан» тәлім алады. Мұнда талданған мақал-мәтелдердің қайсы бірін алып қарасақ та, олардың бірі бізге өмір, күнкөріс туралы, енді бірі елдегі ұрылардың ісінен, яғни бүкіл этностың мәдениеті мен салт-санасынан хабар береді.

Ендігі кезекте ұйғыр халқының мақал-мәтелдерінен мысал келтірейік:

1. Һүнири бар қол өлмәс

2. Тазға тазақ бәрсәң, йелим тіләйду

Ұйғыр халқы ерте заманнан қолөнер кәсібімен айналысатындықтан, бұл жердегі бірінші мақал қолөнершілік кәсібіне арналып отыр. Ұйғыр халқында өнерге жақындығы бар адам үлкен беделге ие болып, құрметке лайықты жандар ретінде есептелген. Содан болар, *өнерлі адам ешқашанда өлмейді* деген даналық сөз қалыптасқан. Екінші мақал-мәтел ел аузында жиде ағашынан алынған сұйықтықты кептіріп, шашқа арнайы жағады, сол себепті ел арасында оны «желім» деп атап, соның нәтижесінде мысқыл, әжуа ретінде *«тазға тарақ берсең, шашына желім тілейді»* мақалы пайда болған.

Нәтижесінде, берілген қазақ-ұйғыр мақал-мәтелдері екі этностың болмысынан хабар беріп отыр.

Қазақ және ұйғыр мақал-мәтелдері ұқсастығы үш түрлі деңгейде болады. Мәселен, бірінші деңгей – мақал-мәтелдердің мағынасы мен құрылымы жағынан абсолютті (толық) ұқсастық болып табылады. Мысалы:

Адам адаммен адам (қазақша)

Адам адам билән адам (ұйғырша)

Асы піспестің қазаны оттан түспес (қазақша)

Еши тапмасниң қазини оттин чүшмәс (ұйғырша). Бұл жерде екі тілдегі мақал-мәтелдер өзара абсолютті ұқсас болып тұр.

Екінші деңгейге – азды-көпті өзгерістері бар, алайда мазмұны жағынан ұқсас мақал-мәтелдер жатады. Мысалы:

Ат айналып қазығын табар,

Су айналып жазығын табар (қазақша)

Ат айлинип оқурини тапиду,

Мусапир айлинип юртини тапиду (ұйғырша)

Ағайын тату болса – ат көп, Абысын тату болса – ас көп (қазақша)

Агинә инақ болса – ат тола, Игичә – сиңил инақ болса – аш тола (ұйғырша)

Көріп отырғанымыздай, бәрі де мағына жағынан ұқсас, бір ғана ұғым-түсінікті білдіріп тұр, алайда құрылымы жағынан өзгешелік бар. Мәселен, *қазығын, су, жазығын* деген сөздер ұйғыр тілінде *оқурини, мусапир, юртини* сөздерімен алмастырылған, екіншісінде, қазақ тіліндегі *тату, абысын* сөздері ұйғыр тілінде *инақ, игичә-сиңил* сөздерімен ауыстырылған. Алайда бұл алмастырулар жалпы мазмұны жағына әсер етпейді.

Ал үшінші деңгейге – құрылым-құрамы өзгеше, жалпы түрде ұқсастығын сақтаған, мазмұны өзара ұқсас мақал-мәтелдер жатады. Мысалы: «*Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді*» деген мақал ұйғыр тілінде «*Бир бекарчи миңни бекар қилур*» мақалы мәндес келеді. Бұл мақалдың беретін мәні бір адамның істеген жаман қылығы көптің, ұжымның атына кір келтіреді. Ұйғыр тіліндегі нұсқасының аудармасы – «бір жалқау мыңды жалқау етеді». Екі тілдегі мақалдың жалпы мағынасы – бір нәрсенің көптеген адамдарға теріс әсер етуі. Қазақ халқының «құмалақ», «қарын» сөздерін пайдалана отырып, өз мақалын қалыптастырғаны есте қаларлық жайт. Ал ұйғыр халқының мақалындағы «жалқау» сөзі тірек сөз ретінде көрініс тапқан. Демек, осы мақалдардың құрылымы әралуан болса да, мазмұндық жағынан бір түсінікке бағыттталып оң бойынан халық тұрмысының көрінісі байқалады.

Ендігі кезекте, мақал-мәтелдерді топтастыру принциптеріне сәйкес Ә.Қайдардың этнолингвистикалық топтастыру принципі бойынша «Адам», «Қоғам», «Табиғат» топтарына қарай топтастырып көрелік. Мәселен, «Адам» тобына сәйкес ас, тамақ тақырыбына қатысты мақал-мәтелдерге тоқталайық. Мысалы:

Ас иесімен тәтті, табағымен сәнді (қазақша)

Аш игиси билән татлиқ (ұйғырша)

Жақсы ас қалғаниша, жаман қарын жарылсын (қазақша)

Йахши аш ешип қалғучә, йаман қосақ йерилип кәтсун (ұйғырша). Берілген мақал-мәтелдерден қазақ, ұйғыр халықтарының қонақжайлылығы көрінеді. Ас берген үйлерде қонақты күту, дәммен қоса отырып, қонақты сыйлау ежелден келе жатқан дәстүр. Екіншіден, асты қадірлеуге, асты дайындаушы адам еңбегін бағалауға тәрбиелейді.

«Қоғам» тобына қарай топтастырып көрелік. Мәселен, «Қоғам» тобына сәйкес аңшылық тақырыбына қатысты мақал-мәтелдерге тоқталайық. Мысалы:

Ерді намыс өлтіреді

Қоянды қамыс өлтіреді. (қазақша)

Әрни номус өлтүрәр,

Тошқанни – қомуш. (ұйғырша)

Қазақтар мен ұйғырлар аштық кезінде ем, тамақ мақсатында қоян аулаған. Қазақ және ұйғыр халықтары арасында қоян аулаудың кең таралған түрлерінің бірі – қамыстың кесілген ұшына қоянды арандатып аулау түрі. Аңшылар бұл әдісті, әдетте, қыстың күндері, жер қармен жабылған кезде қолданған. Мұны істеу үшін өзен-көл бойында тығыз өсетін қамыстарды өткір орақпен немесе шалғынмен шауып, ұш жағын өткір қылады. Аң аулайтын иттер қуып келе жатқанда, жабайы қояндар түбірі қияқтап шабылған қамысқа арандап, малтып қолға түседі. Міне, бұл тәсілге байланысты халық арасында:

Ерді намыс өлтіреді,

Қоянды қамыс өлтіреді (қазақша).

Әрни номус өлтүрәр,

Тошқанни-қомуш (ұйғырша), – деген мақал қалыптасқан.

«Есік көргенді алма, бесік көргенді ал» – ер адам үйленетін кезде қазақ халқында берілетін кеңес. Жалпы, қазақ бесікті қасиетті деп санаған. Яғни, бесік – қазақ халқының ұғымындағы адалдық символы. Мұның мәнісі: Өйткені, бұрын тұрмыстық өмірді көрмей, отбасын құрған жас қыз адал, айладан аулақ болады деп есептеген. Ал ұйғыр халқы нұсқасында «*ишик көргәнни алма, бөшүк көргәнни ал*» қарама-қарсы мағынаға ие. «Келіншекті ал» деген халық танымында кері кеңес болғанымен, оның астарында тұрмыстық өмірдің мәнін білетін келіншекті ал, себебі ол өмірдің бағасын біледі деп есептеген. Халықтың пайымдауынша: отбасылық өмірдің құндылығын білетін ақылды және байсалды әйел жас, пәк, сұлу қыздан гөрі артық болуы мүмкін деп санайды.

Ине өткен жерден жіп те өтеді (қазақша)

Йиңнә кәйәрдин өтсә, йип шу йәрдин өтиду (ұйғырша).

Қазақ тіліндегі баламасы бастама жасаушы адам өз ісінің шебері немесе қолынан іс келмейтін болса да бір істі өз деңгейіне сәйкес жүзеге асыра алуы сөз болса, ұйғыр тілінде ол «отбасы, бала-шаға» тақырыбындағы мақал-мәтелдер тобына кіріп, ер-азаматы не істесе де, әйелі соны істейді дегенді білдіреді.

Қазақ және ұйғыр тілдерінің мақал-мәтелдері құрылымдық жағынан да ұқсастықтары мен өзгешеліктері бар. Осыған сәйкес олар бір тағанды, қос тағанды, көп тағанды болып бөлінген. Мәселен, бір тағанды мақал-мәтелдер алғашында қарапайым сөз түрінде таралып, кейін уақыт өте келе өлең сөзбен беріле бастаған [2,18]. Мысалы, қара сөз түрінде пайда болған мақал-мәтелдер екі халықта да көптеп кездеседі

Алма ағашынан алысқа құламайды (қазақша)

Пеләктин хәмәс жирақ чүшмәйду (ұйғырша)

Саяқ жүрген таяқ жер (қазақша)

Саяқ жүргән таяқ йер (ұйғырша), яғни бұл мақал-мәтелдер қарапайым сөз түрінде келіп, абсолютті ұқсастыққа ие. Кей кездері мақал-мәтел құрамындағы сөздер мағыналас сөзбен алмастырылуы кездеседі. Мысалы:

Ат тұяғын тай басар (қазақша)

Ат айигини тай басар (ұйғырша)

Бір әйелдің айласы қырық есекке жүк (қазақша)

Бир хотунниң һйилиси кирик әрниң һйилисидин артуқ (ұйғырша)

Жаман дос көлеңке (қазақша)

Йаман дос сайигә охиаиш (ұйғырша) [2]. Бұл жерде тұяқ – *айиги*, есекке жүк – *әрниң һйилисидин артуқ* тіркесі қолданып, көлеңке сөзі *сайигә* сөзімен алмастырылған. Нәтижесінде, мәні өзара бірдей болып келгенмен, екі этнос мақал-мәтелдерін құраушы элементтерінде аз да болса өзгешеліктер кездеседі. Өлең сөз түрінде қалыптасатын мақал-мәтелдері де ұқсас, мысалы:

Тау тауға қосылмайды, адам адамға қосылады (қазақша)

Тағ таққа қошулмайду, адам адамгә қошилуду (ұйғырша)

Балалы үй - базар, баласыз үй - мазар (қазақша)

Балилиқ өй - базар, балисиз өй - мазар (ұйғырша) [2]. Кей-кездері қазақ-ұйғыр мақал-мәтелдерінде байқалатын ерекшелік, қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер көбінесе, ықшамдалу құбылысына ұшыраса, ұйғыр тіліндегі мақал-мәтелдердің көпшілігі керісінше күрделеніп беріледі. Мысалы, «*Ел – елінде, гүл – жерінде*», «*Ашу – алда, ақыл – соңда*» мақалдарында «көрікті» сын есімі мен «келеді» етістігі түсіріліп айтылған. Ұйғыр тілінде «*Алтун – қолаштин, қой – бодаштин*», «*Амут – көлдә, анар – чөлдә*» мақалдарда да «өседі» сөздерінің түсіріліп айту құбылысы байқалады.

Бір тағанды мақал-мәтелдердің өзі іштей екі құрамдық бөлшектен, үш құрамдық бөлшектен, төрт құрамдық бөлшектен құралады. Мысалы:

екі құрамдық бөлшектен:

Сезікті секіреді

Тіл тиексіз (қазақша)

Тепшимигичә елишмас

Тил сүйәксиз (ұйғырша)

үш құрамдық бөлшектен:

Көп тілеуі – көл

Естімеген елде көп (қазақша)

Әзимәт – әлгә гәнимәт

Әрниң атасы – әл (ұйғырша)

төрт құрамдық бөлшектен:

Көп бар жер көңілді

Жан сақтағаниша, ар сақта. (қазақша)

Ана юртниң қойни кәң

Туғулған йәргә тазим әт (ұйғырша)

Екінші түрі қос тағанды мақал-мәтелдер, олардың құрамындағы екі жолдың соңғы сөздері әрдайым ұйқасты келеді. Мысалы:

Судың жолын құм бөгер,

Елдің жолын сұм бөгер. (қазақша)

Әлдин әлгә нәп тегәр,

Нәп тәгмисә, гәп тегәр.

Юрт сөймәсниң имани сус болиду,

Юрт сөйгән әр равруст болиду. (ұйғырша). Міне, бұл мақалдар екі тілде де өзіндік ырғақпен жымдасып, екі жолы да үндесе отырып байланысқан.

Халықтың даналығы мен рухы оның мақал-мәтелдерінде көрініс табатыны, ал белгілі бір халықтың мақал-мәтелдерін білу тілді жақсы білуге ғана емес, сонымен бірге халықтың ойлау тәсілі мен мінезін жақсы түсінуге ықпал ететіні бұрыннан белгілі. Әр түрлі халықтардың мақал-мәтелдерін салыстыру осы халықтардың қаншалықты ортақ екенін көрсетеді, бұл өз кезегінде оларды жақсы түсінуге және жақындастыруға ықпал етеді. Мақал-мәтелдер халықтың бай тарихи тәжірибесін, адамдардың өмірі мен мәдениетімен байланысты идеяларды көрсетеді. Мақал-мәтелдерді дұрыс және орынды пайдалану сөйлеудің өзіндік ерекшелігі мен ерекше экспрессивтілігін береді. Ендігі кезекте, қазақ және араб мақал-мәтелдеріне тоқталып өтетін болсақ: Араб тіл білімінде қазіргі күнге дейін мақал-мәтел мен фразеологизмдер, даналық сөздер жік-жікке бөлінбейді. Бұлардың бәрі «әмсал» термині аясында қарастырылып, жалпы анықтамаға ие болады [4,6]. «Әмсал» терминін – тілдегі бірліктерді, шешендік сөздерді, үлгі мен өсиетке ишарат сөздер, мақалдар, мәтелдер, мақалға ұқсас даналық сөздер, өсиет беретін тұрақты тіркестер, қысқа насихаттар мен мысал-дар т.б. қамтиды [3,17]. Араб мақал-мәтелдерін зерттеп, жинастыру VIII-XII ғасырлардан бастау алды. Сол кезеңнің зерттеушілері Хамза Исфхани, Муфаддал ад-Дабби, ал-Муфаддал бин Салама, ал-Асқари, Мухаммед бин ал-Анбари, аз-Замахшари және т.б. болған. Жалпылама, араб мақал-мәтелдерін зерттеуші 44 автордың еңбектерінен, осы кезеңге тек 14-і ғана жеткен. Араб тіліндегі сөз өнерін, соның ішіндегі даналық сөздерді зерттеу еңбегі деп – М.Қашқаридің

«Диуани Луғат ат-Түрік» еңбегін айтуға болады. Жалпы, еңбек бойынша 270 түркі мақалы белгілі бір сөзге мысал ретінде берілген. Соның ішінде 20 шақты түркі мақал-мәтеліне араб мақал-мәтелінің эквиваленті келтірілген. XX ғасыр басында араб мақал-мәтел-дерін зерттеуді шетел арабистері қолға ала бастады. Араб әмсалдарын тереннен зерттеген ғалымдар Г.Ш.Шарбатов, У.Тейло, Ч. Оуэн, К.Брокельман, А.Б.Халидов, И.Ю.Крачковский және Чан Тхи Хонг Ван болды. Араб әмсалдары үш топқа жіктеледі: *тарихи, әлеуметтік, табиғатқа қатысты* [4,8].

Тілдердегі кейбір мақал-мәтелдер соншалықты ұқсас келуінен, кейде бірдей ойды құрайтын интернационалды мақал-мәтелдер деген ұғымды туғызуы мүмкін. Мысалы:

أفضل وقت متأخر من عدمه (арабша)

Ештең кеш жақсы (қазақша)

Лучше поздно чем никогда (орысша)

Best late than never (ағылшынша).

Сондай-ақ араб және қазақ тілдеріндегі кей мақал-мәтелдер ұлттық-мәдени сипатты білдіретін сөздермен келеді. Мысалы:

арабта: عندما أقول له البرسيمون, يقول لي الفحم (Мен оған құрма десем, ол маған көмір дейді)

«Құрма» – арабтардың ең сүйікті жемістерінің бірі, рамадан айында мұсылмандар құрмамен ауыз ашады.

қазақта: Мен не деймін, қобызым не дейді.

«қобыз» – қазақтың ұлттық музыкалық аспабы.

Араб және қазақ тілдеріндегі халықтың тұрмыс-тіршілігін, өзіндік ерекшелігін, жанұя тіршілігін анықтайтын – «үй», «үй жануарлары», «ұлттық тағам» және «туыстық қарым-қатынас» қатысты мақал-мәтелдерінде ұқсас эквиваленттер жиі кездеседі. Мұны араб және қазақ халықтарының тарихи ұқсас тұрмыс-тіршілігімен (көшпелі) түсіндіруге болады [4,11].

Туыстық байланысты білдіретін мақал-мәтелдер араб және қазақ тілдерінде жиі қолданылады. Оның ішінде ата-анаға, ағайын-туысқа байланысты көптеген мақал-мәтелдер бар:

Арабша: العالم هو ألف المنعطفات ، فإنك لن تجد المزيد من الأراضي من أحضان أمك (Дүниені мың айналсаң да, ананың құшағынан артық жер таппайсың).

Қазақша: Шешесі бәдіктің қызы бәдік; Шешесің көр де, қызын ал.

Арабша: أنا قريب قريب مع طفل أخي ، أنا قريب بعيد مع طفل أخي (Ағамның баласымен жақын туыспын, ағамның баласының баласымен алыс туыспын).

Қазақша: Туысы бірдің – уысы бір.

Ұлттық тағамға байланысты мақал-мәтелдер:

Арабша: إذا تم تغذية الطفل البرسيمون، ثم يحصل الحلو في الداخل (Баласын құрмамен асыраса, тәттісі ішке түседі)

Қазақта: Ас тазасы – қартасы, негізіне тартады.

Мұндағы «қарта», «құрма» – араб және қазақ халқының сүйікті тағамы. «Қарта» - қазақ халқының ұлттық тағамы болғандықтан, ол арабтардың дүниетанымында жоқ, оларға түсініксіз сөз. Ал «құрма» қазақ дүниетанымында болғанымен, ол қазақ жерінде өспегендіктен, қазақ халқы бұл өсімдікті өз тіршілігінде аз қолданады.

Үй жануарларына қатысты мақал-мәтелдер екі тілде де кеңінен қолданылады:

Арабша: على جمل مدفوع لطفل (Баланың ақылы түйенің бойында);

انهم يشعرون بالرضا في الصباح (Жақсы ат та сүрінеді);

كل شيء على الحصان ليس متسابقا (Атқа мінгеннің бәрі шабандоз емес).

Қазақша: Соңғы түйенің жүгі ауыр;

Жаңылмас жақ болмас, сүрінбес тұяқ болмас;

Атқа мінгеннің бәрі шабандоз болмас.

Сондай-ақ, араб және қазақ мақал-мәтелдерінде «ер адам мен әйел адамға» әртүрлі сипат берілген. Қазақ мақал-мәтелдерінде ер адам мен әйел адамды қатар қойып, салыстыру кездеседі: Ер елді басқарса, әйел от басын басқарады; Еркек ер мінезділігімен, әйел биязы мінезділігімен сүйкімді. Яғни, қазақтарда ер адам – ел басшысы, үйдің қорғаны, ержүрек,

батыр және бір сөзді: «Ер екі сөйлемейді», «Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені» деген сипаттар берілсе, әйел адам оған қамқоршы, үйдің көркі, қиындыққа төзетін: «Әйелдің қырық жаны бар», «Әйел қырық шырақты» т.б. кейіпте беріледі. Әйел мен ер адамды қазақ мақал-мәтелдерінде сияқты тең қойып сипаттау – араб мақал-мәтелдеріне жат. Араб мақал-мәтелдерінде «ер адам мен әйел адамға» қоғамдағы орны арқылы баға берілсе, қазақ мақал-мәтелінде олардың жасаған белгілі бір істері мен айналаға қарым-қатынасы бағаланады.

Араб және қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерінде араб, қазақ халықтарының өмірі, тұрмыс тіршілігі, ұлттық-мәдени сипаты, ой-санасы т.б. кеңінен қамтылған. Қазақ және араб мақал-мәтелдеріндегі ерекшелік: - тақырыптар мен мазмұндарының ортақтығы; - ой түйіні мен қолдану аясының бірлігі; - тура және ауыспалы мағынада қолданылуы; - сөйлем құрылысының сәйкес келуі болып табылады.

2 Материалдар мен әдістер

Бұл мақаланы жазу барысында жалпы теориялық және салыстырмалы баяндау әдісі қолданылды. Жинақталған мысалдар талданып, қосымша пікірлермен толықтырылды. Қазақ халқының сөздік қорында кездесетін мақал-мәтелдерді мазмұн-мәніне қарай ғылыми тұрғыдан жүйелеп, туыс емес тілдер мақал-мәтелдерінің өзара ұқсастық, ерекшелік жақтары қолданған әдістер бойынша талданды.

3-4 Нәтижелер мен талқылау

Мақал-мәтелдердің қалыптасуына белгілі бір жағдаяттар негіз болады да, әр халықтың мәдени дәстүрін, әдет-ғұрпын, мекендеген географиялық ортасын, діни нанымы мен дүниетанымын, психологиясын көрсетеді. Сондықтан қазақ тілі мен туыс емес тілдердің тарихи, мәдени өмірін салыстыру арқылы олардың қалыптасып, даму жолдарына қысқаша шолу жасалынды. Араб және қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерде араб, қазақ халықтарының өмірі, ұлттық-мәдени сипаты, ой-санасы т.б. қамтылды. Араб және қазақ мақал-мәтелдері жай сөйлемді, бірнеше шумақтан тұратын күрделі сөйлем түрінде де келеді. Араб мақал-мәтелдері екі сөйлемнен аспайтын немесе екі шумақты болып келеді, ал қазақ мақал-мәтелдерінде төрт, бес шумақты құрмалас сөйлемділері де кездеседі. Сонымен қатар, қазақ-ұйғыр тілдеріндегі мақал-мәтелдердің этномәдени сипаты айқындалып оларға этнолингвистикалық талдау жасалынды. Қазақ-ұйғыр мақал-мәтелдерінің мағыналас, тұлғалас түрлері қарастырылып, одан әрі екі тілдегі мақал-мәтелдердің мағыналық ұқсастықтары нақты тілдік деректерді талдау арқылы дәйектелінді. Осыған байланысты айрықша тоқтала кететін бір мәселе – қазақ-ұйғыр мақал-мәтелдерінің ұқсастық деңгейлері. Қазақ және ұйғыр тіліндегі мақал-мәтелдердің мағынасы да, құрылымы да сәйкес келеді. Мұны абсолюттік ұқсастық деп те атайды. Екінші деңгейдегі өзара сәйкестікте, құрылымындағы сынарларында бір-екі сөз мағыналас екі басқа сөзбен беріледі. Үшінші деңгейдегі ұқсастықпен келген қазақ және ұйғыр мақал-мәтелдерінің мағыналары жалпы түрде ғана сәйкес, ал құрылымы әр тілдің өз логикасы бойынша қалыптасып, едәуір ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Қазақ және ұйғыр мақал-мәтелдерінің тақырыптық ұқсастықтары академик Ә.Қайдардың ізімен «Адам», «Қоғам», «Табиғат» атты микротоптарға бөлініп қарастырылды. Мұндағы тақырыптық топтар әр халықтың өмір-тіршілігіне, дүниетанымы мен рухани болмысына байланысты.

5 Қорытынды

Мақал-мәтелдердің ұлттық-мәдени компонентінің мағынасы сол тілде сөйлейтін халықтардың мәдениетін, тарихын, әлеуметтік өмірін т.б. ерекшеліктерін ашады. Сонымен, туыс емес тілдердегі бірқатар мақал-мәтелдердің өзара мағыналас болып келуі қазақ және шетел халықтарының өмір тәжірибесінің, көзі жетіп, көкейіне түйген ой-тұжырымдарының ұқсастығымен, астастығымен байланысты. Тіл-тілдегі мақал-мәтелдер әрбір халықтың тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы мен әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі жөнінде ақпарат көзі, яғни дүниенің тілдік бейнесі болып табылады. Әртектес тілдердің мақал-мәтелдерін салғастырмалы түрде теория мен практиканы ұштастыра отырып зерттеу жалпы тіл біліміндегі өзекті мәселелердің шешімін табуға септігін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Ахметбекова Р. Мақал-мәтел даналыққа бастайды. //Қазақстан мектебі// 2000 ж., №9.
2. Мукәддәс Мирза. Қазақ-ұйғыр мақал-мәтелдерінің паремиологиялық жүйесі: филол. ғыл. канд. автореф. – Алматы, 2007. – 26 б.
3. Донбаева А.Б. «Даналық түбі бір», – Алматы, 2004. – 133 б.
4. Донбаева А.Б. Араб және қазақ мақал-мәтелдерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері: филол. ғыл. канд. автореф. – Алматы, 2003 – 25 бет.
5. Нұрғали Рымғали. Жеті томдық шығармалар жинағы. «Қазақтың 10000 мақал-мәтелі». – Астана, «Фолиант», 2006. – 636 б.

Материалдар редакцияға түсті: 16.06.2022

БЕКБОСЫНОВА, А.Х., ТУРЕБАЕВА, А.О.

ОСОБЕННОСТИ КАЗАХСКИХ И УЙГУРСКИХ, АРАБСКИХ ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРОК

В статье проведен сравнительный теоретический анализ казахских пословиц и поговорок на других языках. Данная статья посвящена изучению особенностей употребления, национально-культурного характера казахских, уйгурских, арабских пословиц и поговорок.

Ключевые слова: пословицы и поговорки, национальный менталитет, односложные пословицы, двудольные пословицы, интернациональные пословицы.

BEKBOSSYNOVA, A.H., TUREBAEVA, A.O.

FEATURES OF KAZAKH, UYGHUR, AND ARABIC PROVERBS

The article provides a theoretical analysis of Kazakh proverbs and sayings in comparison with proverbs and sayings in other languages. This article is devoted to the study of the national and cultural characteristics of Kazakh, Uyghur, and Arabic Proverbs and sayings.

Key words: Proverbs, national mentality, proverbs with one tag, proverbs with two tag, proverbs with international proverbs.

УДК 53

Дәмина, Н.Ф.

кандидат педагогических наук,
профессор кафедры физики, математики
и цифровых технологий,
КРУ имени А. Байтұрсынова,

Москаленко, А.Т.

учитель физики КГУ «Школа-гимназия № 12
отдела образования акимата
Костанайской области»,
Костанай, Казахстан

МОДЕЛИРОВАНИЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ МЕТЕОРОИДОВ С АТМОСФЕРОЙ ЗЕМЛИ

Аннотация

В статье обсуждаются результаты компьютерного моделирования взаимодействия метеороидов с атмосферой Земли. Модель, разработанная на основе уравнений физической теории метеорных явлений, позволила исследовать влияние различных факторов на движение метеороида в атмосфере и оценить последствия вторжения.

Ключевые слова: метеороид, атмосфера, моделирование.

1 Введение

Каждый день в атмосферу Земли влетает от 100 до 1000 тонн космических объектов, называемых метеороидами. Они представляют собой твердые тела размером от 10^{-4} см. Из-за